ЖШС “Толағай-1” бөбекжай бақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңес
№1-Хаттама

25.08.2025 ж
Қатысқандар саны:20

Күн тәртібі :

1. Балабақшаның оқу-тәрбие процесінің ағымдағы жағдайы туралы
2. Алдағы жоспарланған іс-шаралар мен ұйымдастыру жұмыстары
3. Қауіпсіздік талаптары мен санитарлық нормалардың сақталуы
4. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды: 1-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Г.Оңғарбай оқу-тәрбие жұмысының барысы, топтардағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің сапасы туралы ақпарат берді.

Қазіргі таңда балабақшада оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылып отыр. Топтарда ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері бекітілген перспективалық және күнтізбелік жоспарлар негізінде жүйелі түрде жүргізілуде.

Тәрбиешілер оқу іс-әрекеттерінде баланың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, дамытушы орта қалыптастырған. Ойын арқылы оқыту, шығармашылық, қимыл-қозғалыс, тіл дамыту, танымдық бағыттағы жұмыстар кешенді түрде жүзеге асырылуда. Балалардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыру мақсатында инновациялық әдіс-тәсілдер, көрнекіліктер және дидактикалық материалдар тиімді қолданылуда.

Оқу-тәрбие процесінде қауіпсіздік талаптары сақталып, санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес жағдай жасалған. Балалардың күн тәртібі дұрыс ұйымдастырылып, серуен, тамақтану, демалыс және дамыту шаралары уақытылы өткізіледі. Ата-аналармен байланыс жүйелі түрде жүргізіліп, кеңестер, жиналыстар және ақпараттық жұмыстар арқылы оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар атқарылуда.

Жалпы алғанда, балабақшадағы оқу-тәрбие процесі жоспарға сай, тұрақты және талапқа сәйкес жүргізілуде, алайда алдағы уақытта әдістемелік жұмысты жетілдіру, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстарды күшейту қажеттілігі бар.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер Тоқтиева Азиза алдағы іс-шаралар жоспары, педагогтердің қатысуы және жауапты тұлғалар туралы баяндады.алдағы кезеңге жоспарланған іс-шаралар

жоспары туралы баяндап, оқу жылы барысында өткізілетін әдістемелік кеңестер, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, семинар-практикумдар, ата-аналармен бірлескен іс-шаралар және педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған жұмыстарға тоқталды.

Сонымен қатар, аталған іс-шараларға педагогтердің толық қатысуын қамтамасыз ету, әрбір іс-шара бойынша жауапты тұлғаларды белгілеу және белгіленген мерзімде сапалы орындалуын бақылау қажеттігін атап өтті.
3-мәселе бойынша:
Медбике Амулова Гулниса санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы, балалардың денсаулығы жөнінде мәлімет ұсынды.Балабақшада санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы туралы мәлімет ұсынып, топ бөлмелерінде күнделікті тазалық жұмыстарының жүргізілуі, желдету тәртібінің сақталуы, дезинфекциялық құралдардың талапқа сай қолданылуы жөнінде баяндады. Сонымен қатар, балалардың денсаулық жағдайына тұрақты мониторинг жүргізіліп отырғанын, медициналық тексерулердің уақытылы ұйымдастырылуын, жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстардың жүйелі түрде атқарылып жатқанын атап өтті.
Қаулы етілді:
1. Оқу-тәрбие процесін бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізу.
2. Алдағы іс-шараларды уақытылы және сапалы ұйымдастыру.
3. Балалардың қауіпсіздігі мен санитарлық талаптардың қатаң сақталуын қамтамасыз ету.
4. Жауапты тұлғаларға тапсырмалардың орындалуын бақылау жүктелсін.

ЖШС "Толағай-1" б\б меңгерушісі: Г.Оңғарбай

Әдіскер: А.Тоқтиева

ЖШС “Толағай-1” бөбекжай бақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңес
№2-Хаттама

02.12.2025 ж
Қатысқандар саны:19

Күн тәртібі :

1. Балабақшаны аттестаттаудан өткізуге дайындық барысы

2. Нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптары

3. Материалдық-техникалық база мен санитарлық жағдай

4. Педагогтердің құжаттары мен оқу-тәрбие процесінің сапасы

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Оңғарбай Гүлжамал Арысбекқызы аттестаттауға дайындықтың жалпы жағдайы, негізгі талаптар мен мерзімдер туралы ақпарат берді.Аттестаттау талаптарына сәйкес құжаттардың жинақталу деңгейі, педагогтердің дайындығы, оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы туралы ақпарат берілді.

2-мәселе бойынша:Әдіскер Тоқтиева Азиза Махмутжанқызы педагогтердің портфолиосы, перспективалық жоспарлар, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің құжаттары туралы баяндады.

3-мәселе бойынша:

Шаруашылық меңгерушісі Идышова Насиба материалдық-техникалық базаның жай-күйі, қауіпсіздік талаптарының сақталуы жөнінде мәлімет ұсынды.

4-мәселе бойынша: Медбике Амулова Гулниса санитарлық-гигиеналық талаптар, медициналық құжаттардың толықтығы туралы хабарлады.

1. Аттестаттауға қажетті барлық құжаттардың толық әрі талапқа сай дайындалуын қамтамасыз ету.

2. Педагогтерге өз портфолиосын және оқу құжаттарын белгіленген мерзімде ретке келтіру тапсырылсын.

3. Материалдық-техникалық база мен санитарлық жағдайды талапқа сай қалыпқа келтіру.

4. Аттестаттауға дайындық жұмыстарын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Қаулы етілді:

Аттестаттауға қажетті барлық құжаттарды белгіленген талаптарға сай толықтыру және жүйелеу.

Педагогтерге өз портфолиосын, жоспарларын және мониторинг материалдарын белгіленген мерзімге дейін ретке келтіру тапсырылсын.

Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін сапалы өткізу үшін әдістемелік қолдау күшейтілсін.

Санитарлық-гигиеналық талаптардың қатаң сақталуын бақылау медбикеге жүктелсін.

Аттестаттауға дайындық жұмыстарының орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

ЖШС “Толағай-1” б\б меңгерушісі: Г.Оңғарбай

Әдіскер: А.Тоқтиева